

Сарыагаш ауданының дербес бөлімдерінің ережелерін бекіту туралы

Түркістан облысы Сарыагаш ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 19 тамыздағы № 282 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес, Сарыагаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

- 1) осы қаулының 1–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 2) осы қаулының 2–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 3) осы қаулының 3–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 4) осы қаулының 4–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 5) осы қаулының 5–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 6) осы қаулының 6–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының құрылыш, сәулет және қала құрылышы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже;
- 7) осы қаулының 7–қосымшасына сәйкес "Сарыагаш ауданының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже (одан әрі – Ережелер) бекітілсін.

2. Осы қаулының бірінші тармағында көрсетілген мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Сарыагаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыагаш ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A. Абдуллаев

Сарыагаш ауданы әкімдігінің

"19" тамыздағы 2025 жылғы

№282 қаулысына 1-қосымша

"Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі) экономика және қаржы саласындағы басшылықты жүзеге асырататын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыагаш ауданы, Сарыагаш қаласы, С.Исмайлова көшесі, №33 үй, индекс 160900.

10. Осы Ереже Сарығаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Сарығаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Сарығаш ауданының экономика және қаржы бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Сарығаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Сарығаш ауданының экономика және қаржы бөліміне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) аудандық бюджеттің атқарылуын, мемлекеттік меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 2) ауданның бюджеттік қаражаттарын және аудан әкімдігінің коммуналдық меншік объектілерін басқару;
- 3) ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары, стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын қалыптастыру;
- 4) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарымен өзара әрекеттестікте бюджеттік инвестициялық саясатты қалыптастыру.

14. Өкілеттіктері:

- 1) құқықтары:
 - өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да үйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар.
- 2) міндеттері:
 - ауданның мемлекеттік бюджет саясатын іске асыруға қатысу;
 - ауданның тиісті қаржы жылына арналған бюджеттің бекіту туралы аудандық мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу;
 - ауданның тиісті қаржы жылына арналған аудан бюджеттің бекіту туралы мәслихат шешімін іске асыру жөніндегі аудан әкімдігі қаулысының жобасын әзірлеу;
 - қаржыландырудың жылдық жоспарын әзірлеу және бекіту;
 - жергілікті бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету және орындалуы туралы есепті әзірлеу;

- ауданың үш жылға арналған бюджет жобасын өзірлеу;
- басымды бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізбесін қалыптастыру;
- республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын бюджеттік инвестиациялардың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпаратты жасау және оны тиісті органдарға ұсыну;
- коммуналдық меншікті басқару, жалға беру, сату, жекешелендіру, жекешелендіруден кейінгі қызмет және дауларды реттеу, оны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

15. Функциялары:

- 1) жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді болжау;
- 2) ауданың әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ескере отырып, жоспарлы кезеңге аудан бюджетін өзірлеу;
- 3) аудандық бюджет туралы мәслихат шешімін жүзеге асыру жөніnde қаулының жобасын өзірлеу;
- 4) аудан бюджетінің жобасын аудандық мәслихатының қарауына және бекітуіне енгізу;
- 5) аудан бюджетін нақтылау бойынша ұсыныстар дайындалап, аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;
- 6) аудандық бюджеттің түсімдері мен шығындарының жиынтық жоспарын өзірлеу және бекіту;
- 7) түсімдердің болжамды көлемдерін ескере отырып, бюджеттік бағдарлама (ішкі бағдарлама) әкімшілерінің қаржыландыру жоспарларын және мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша жеке жоспарларын тексеру;
- 8) салық төлеушінің тіркеуге алынған жеріндегі салық органының, толық көлемде жергілікті бюджетке түсетін салық міндеттемелерін орындау мерзімін өзгерту туралы шешіміне келісім беру және салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу;
- 9) бюджет қаржысын басқаруды, алдағы кезеңде бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемін анықтауды жүзеге асыру;
- 10) бюджеттік бағдарламаларды, бюджеттік инвестиацияларды іске асырудың тиімділігін (нәтижелілігін) бағалауға талдау жүргізу;
- 11) жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың штаттық кестелеріне мониторинг жүзеге асару;
- 12) инвестиациялық жобалардың және даму бюджетінің игерілуіне мониторинг жүргізу;
- 13) аудандық жергілікті атқарушы орган резервінің пайдалануы жөніnde мәліметті жинақтау;
- 14) жергілікті бюджеттік инвестиациялардың тізімдерінің үш жылдық мерзімге арналған жобасын түзіп, оны аудандық бюджет комиссиясының қарауына ұсыну;

15) бюджеттік бағдарламалар әкімдіктерінің бюджеттік инвестициялық жобаларын оларды қаржылай қамтамасыз етуді, дәлелді құжаттарының түгелдігін қарап, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес аудан бюджетінің жобасын өзірлеп, оны бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

16) жергілікті бюджет есебінен, сондай-ақ мақсатты трансфертер есебінен қаржыландыруға жоспарланған бюджеттік инвестициялық есебінен қаржыландырылатын жергілікті бюджет инвестицияларын жүзеге асыруды бағалау жөніндегі ақпаратты орталық өкілетті органға тапсыру;

17) инвестиацияларды жүзеге асыру туралы және олардың ҚЭН (қаржылық экономикалық негіздеме) стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкестігіне бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарап, олар бойынша экономикалық қорытынды дайындау;

18) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің шығындары, бюджеттік тапсырыс жобаларын қарау қорытындылары бойынша, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар жобаларына қорытынды жасап, аудандық бюджет комиссиясының қарауына енгізу;

19) бюджеттің атқарылу принциптерін сақтау, бюджет қаражатын нысаналы пайдалану және бюджетті бірқалыпты атқару;

20) бюджет қаржысының игерілуіне, жылдық соманың айға бөлінуіне, қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігіне, қаржыландыру жоспарының орындалмау себебін анықтауына, жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есебінің жасалуына талдау және бағалау арқылы мониторинг жүргізу;

21) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес, жергілікті бюджеттің атқарылуына айлық, тоқсандық, жылдық және басқа да есептерді талдау жасап ұсыну;

22) облыс, аудан әкімінің және жоғары тұрған органдарының тапсырмаларының орындалуын осы Ережеде және басқа да Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, берілген уәкілеттік негізінде қамтамасыз ету;

23) жергілікті бюджеттің орындалуы бойынша әдістемелік басшылық жасау;

24) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің болжамы мен ауданның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын өзірlep, аудандық бюджет комиссиясының қарауына ұсыну;

25) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамының жобасын аудандық әкімдіктің қарауына және мақұлдауына ұсынып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз ету;

26) ауданды дамыту бағдарламасын облыстық мемлекеттік жоспарлау бойынша өкілетті органмен келісу;

27) ауданды дамыту бағдарламасын жергілікті өкілетті органның қарап, бекітуіне ұсыну;

28) ауданды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі облыстық өкілетті органмен келісу;

29) ауылдық елді мекендерде жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну бойынша мемлекеттік қызмет көрсету;

30) аудан әкімдігі атынан коммуналдық меншіктегі мұліктерге иелік етеді, билік ету және коммуналдық меншіктің пайдалануы мен сақталуы бойынша тексеруді жүзеге асыру;

31) коммуналдық меншіктегі мұліктік сенімді басқаруға және жалға беру жөніндегі келісім шартын түзеді, мұліктік жалға берілген объектілерді жалдау ақысы мөлшерінің есебін шығаруды және мұліктік жалға беру бойынша өткізілетін тендерлер жөнінде құжаттарды дайындауды және жалға берудің зандағылығы және жалға берудің шарттары орындалуының мәселелері бойынша бірлескен тексерулер жүргізу;

32) мемлекеттік мекемелердің, коммуналдық кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдардың және мемлекетке тиесілі үлесі бар шаруашылық серіктестіктерінің реестрін жүргізу;

33) аудан әкімдігінің коммуналдық меншігіне айналдырылған (түскен), Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен иесіз деп танылған, мемлекетке мұрагерлік құқығы бойынша өткен аудан әкімдігінің коммуналдық мұлкін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен коммуналдық меншікке өтеусіз өткізілген иесіз қалған мұліктің, олжаның, қараусыз қалған жануарлардың, мәдени құндылықтарға жататын заттардан тұрмайтын қазына үлестерін есепке алууды, сақтауды, бағалауды және одан әрі пайдалануды ұйымдастыру;

34) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

3-тaraу. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

19. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі бірінші басшысының өкілеттіктері:

- 1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;
- 3) сенімхаттар береді;
- 4) заңнамамен белгіленген тәртіpte мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;
- 5) өз құзыretі шегінде бүйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;
- 6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады.

Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің бірінші басшысы болмаган кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындаиды.

4-тaraу. Мемлекеттік органдың мүлкі

21. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыбым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тaraу. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату

24. Сарыагаш ауданының экономика және қаржы бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сарыагаш ауданы әкімдігінің
"19" тамыздағы 2025 жылғы
№282 қаулысына 2-қосымша

**"Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ұйымдық–құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі азаматтық–құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық–құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Сарыагаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыагаш ауданы, Сарыагаш қаласы, С.Исмайлова көшесі, №19 үй, индекс 160900.

10. Осы ереже Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес респубикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік бағдарламалар саласында мемлекеттік саясатты іске асыру.

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мекеме мүдделерін білдіру;
- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;
- қарамағындағы мекемелердің қызметін үйлестіру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар;

2) Міндеттері:

- әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеу, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу;

- "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, психологиялық көмектер және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, жергілікті уәкілетті орган шешімі негізінде бір реттік жәрдемақыларды төлеу.

15. Функциялары:

- 1) аудан аумағында тұратын нысаналы топтарды және оларды қорғау жөніндегі әлеуметтік шараларды жыл сайын анықтап отырады;
- 2) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік және қайырымдылық көмек көрсетуді үйимдастырады;
- 3) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындастырып мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдеседі;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға әлеуметтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетуді үйлестіреді;
- 5) мекемелерден босатылған, пробация қызметінің есебінде тұрған, өмірлік қызын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;
- 6) құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көрсетеді;
- 7) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесетін басқа да іс-шараларды жүзеге асырады;
- 8) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 9) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін, өз қарамағындағы субъектілерді құруды және олардың қызметін қамтамасыз етеді;
- 10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды үйимдастырады;
- 11) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуі қамтамасыз етеді;
- 12) арнаулы әлеуметтік қызметтерді және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтерді көрсету бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастырады;
- 13) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шараларды қабылдайды;
- 14) жеке және заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қымыл жасайды;
- 15) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін үлгілік қағидалар негізінде әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын әзірлейді;
- 16) өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 17) бюджет қаражаты есебінен тұрғын үй көмегін көрсетеді;

18) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың профилактикасына, сондай-ақ аудан аумағында олардың зардаптарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға қатысады;

19) әлеуметтік шиеленіске және еңбек жанжалдарының туындау тәуекелдеріне мониторингті жүзеге асырады;

20) Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қарамағындағы ұйымдарға басшылықты жүзеге асырады;

21) "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2) тармақшасында, 11-бабының 2) тармақшасында, 12-бабының 2) тармақшасында және 13-бабының 2) тармақшасында көрсетілген адамдарға әлеуметтік көмек көрсетеді;

22) "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көмек көрсету жөніндегі ұйымдарды құрады;

23) еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алууды жүзеге асырады;

24) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес санаторийлік-курорттық емдеуді қамтамасыз етеді;

25) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдармен қамтамасыз етеді;

26) жеке бағдарламаға сәйкес жүріп-тұруы қыын, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін жеке көмекшінің, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін ымдау тілі маманының көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз етеді;

27) жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау;

28) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірінғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ету функцияларын жүзеге асырады.

3-тaraу. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады.

18. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіpte мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

7) мемлекеттік мекемеде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

10) сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына дербес жауапты болады;

11) Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың директорларын тағайындайды және қызметінен босатады.

Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамага сәйкес оны алмастыратын тұлға орындейды.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамага сәйкес белгілейді.

4-тaraу. Мемлекеттік органның мүлкі

21. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Сарыағаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Аялы алақан" және "Қамқор" әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Сарығаш мүгедектігі бар балаларды оналту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Сарығаш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Отбасын қолдау орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Сарығаш ауданы әкімдігінің
"19" тамыздағы 2025 жылғы
№282 қаулысына 3-қосымша

"Сарығаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Сарығаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Сарығаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі) жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Сарығаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің ведомостволары жоқ.

3. Сарығаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Сарығаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз

атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Сарыағаш ауданың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері. Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, С.Исмайлова көшесі, №37 үй, индекс 160900.

10. Осы ереже Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу және жолаушылар көлігі мен тасымалдауды үйимдастыру, автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- аудандық атқарушы органдардан қажетті құжаттарды, ақпаратты, жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатысты түсініктемелерді сұратуға және алуға, сондай-ақ мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуге ауданның атқарушы органдарының қызметкерлерін қатыстыруға;

- мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мүдделерін білдіруге;

- мемлекеттік мекемелерден, мемлекеттің қатысуындағы заңды тұлғалардан және басқа да мемлекеттік мекемелерден, өзінің құзіреті шеңберінде қажетті мәліметтерді сұрауға;

- Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

2) міндеттері:

- жергілікті өкілетті және атқарушы органдардың актілерін жасауға қатысу, жолаушылар көлігі мен тасымалдауды ұйымдастыру және автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- мемлекеттік органның қарауына жатқызылған мәселелер бойынша, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу;

- мекеменің құзыреті шегінде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары кәсіпорындарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

- жолаушылар көлігі саласында бағаның қалыптасуына талдау жүргізу;

- халыққа және бюджеттік сала объектілеріне кәсіпорындар ұсынатын жолаушыларды тасымалдауға бағалар мен тарифтердің дәлелділігін келісу және тексеру, олар бойынша қорытындылар беру және баға мен монополияға қарсы саясат бойынша облыстық мемлекеттік комитетке келісуге ұсыныстар енгізу;

- жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарымен айналысатын барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындар үшін өз құзыреті шегінде нұскау, кеңес беретін және өзге де сипаттағы құжаттар шығару;

- жолаушылар көлігі жүйесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлейді және аудан әкімдігінің қарауына енгізеді;

- автобустарды, шағын автобустарды және таксилерді қолдану арқылы жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

- аудан ішінде жолаушылар мен жүктөрді тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына конкурстарды ұйымдастыру;

- автомобиль жолдарын дамытудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және оны іске асыру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) ауданының көше-жол желілеріндегі автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін көлік инфрақұрылымын дамыту;

3) ауданының жолаушылар көлігі мен таксидің тұрақты бағыттарына жолаушылар тасымалын ұйымдастыру;

4) жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының, аудан көшелерінің және өзге де елді мекендер көшелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5) көлік инфроқұрылымын дамыту, барлық меншік нысандарындағы жолаушыларды тасымалдаушыларды жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігінің, қауіпсіздік техникасымен санитарлық нормалардың талаптарына сәйкес келетін диспетчерлік қызметпен және аялдау павильондарымен (аялдамалармен) қамтамасыз ету;

6) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шешімдер мен нұсқамалардың орындалуына;

7) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

3-тaraу. Мемлекеттік органдың бірінші басшысының мэртебесі, өкілеттіктері

16. Сарыагаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Сарыагаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Сарыагаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады.

18. Сарыагаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары жоқ.

19. Сарыагаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) мемлекеттік мекеменің жұмыс жоспарларын бекітеді;

2) мемлекеттік мекеменің атынан әрекет етеді;

3) сенімхаттар береді;

4) заңнамамен белгіленген тәртіpte мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза береді;

5) өз құзыреті шегінде бүйрықтар шығарады, қызметтік құжаттарға қол қояды;

6) мемлекеттік мекеменің ішкі еңбек тәртібін бекітеді;

- 7) мемлекеттік мекемеде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 8) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асырады;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады.

Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

20. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. Сарыағаш ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сарыағаш ауданы әкімдігінің
"19" тамыздағы 2025 жылғы
№282 қаулысына 4-қосымша

**"Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ 1-тарау.
Жалпы ережелер**

1. "Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі) ауданының ішкі саясат саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімінің ведомстволары жоқ.

3. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген ұлғідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, уәкілеттілік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Сарығаш ауданы, Сарығаш қаласы, С.Исмайлова көшесі №37 үй, индекс 160900.

10. Осы ереже Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес респубикалық және жергілікті бюджеттерден, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) жүзеге асырылады.

12. Сарығаш ауданының ішкі саясат бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Сарығаш ауданының ішкі саясат бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Сарығаш ауданының ішкі саясат бөліміне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органдардың мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- ішкі саясат, қоғамдық-саяси сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді іске асыруға құқылы.

2) міндеттері:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

- қоғамдық саяси тұрақтылықты қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттің егемендігін нығайту, қоғамдық процестерді демократияландыру және қоғамды топтастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;

- ауданда Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі және лауазымды адамдардың мемлекеттің ішкі саясатын іске асыру барысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, әкімдіктің, облыстың және аудан әкімдіктерінің, Түркістан облысының қоғамдық даму басқармасының Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі құзырына қатысты мәселелер жөніндегі актілері мен тапсырмаларын орындауына бақылау жасайды;

- қоғамда демократиялық институттарды нығайтуға, Қазақстанды дамытудың 2050 жылға дейінгі Стратегиясының негізгі басым бағыттарын түсіндіруге және насихаттауға қатысады;

- ішкі саясат, қоғамдық-саяси сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік ішкі саясатты насихаттау және түсіндіру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіріп отырады;

- ішкі саясат саласында тұжырымдамалық негіздемелер және тәжірибелік ұсынбалар, сондай-ақ Қазақстанды дамытудың ұзақ мерзімді басымдықтары, бірегей азаматтық құрылымдар негізінде қоғамды топтастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

- ауданда болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге және оның даму барысына жан-жақты және дұрыс зерттеу, қорыту және талдау жасайды;

- аудандық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру, мемлекеттік тапсырысты орындау, оны жүргізу жөнінде аудандық бұқаралық ақпарат қуралдарының қызметін үйлестіріп отырады;

- аудандағы қоғамдық–саяси жағдайларды болжауға бағытталған әлеуметтік–саяси зерттеулер жүргізеді;

- қоғамдық бірлестіктер және үкіметтік емес ұйымдармен, саяси партиялармен, қоғамдық–саяси және діни ұйымдармен, кәсіби одақтармен, БАҚ-пен, жұртшылық өкілдерімен өзара әрекеттестікте қимыл жасайды;

- әлеуметтік даму саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша, білім беру және спорт, мәдениет және тілдерді дамыту салаларында мемлекеттік басқару органдары мен мемлекеттік емес құрылымдардың қызметіндегі өзара келісілген іс-әрекетті қамтамасыз етеді;

- аудан әкімі орынбасары жанындағы тұрақты комиссиялардың жұмысын іске асырады;

- Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

- мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;

- мекемелерге қатысты мемлекеттік басқару органының функцияларын жүзеге асыру;

- қарамағындағы мекеменің қызметін үйлестіру;

- өзінің қызметін орындау үшін қажетті ақпараттарды мемлекеттік органдардан және лауазым иелерінен, басқа ұйымдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен сұратып алады, Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі құзырына қатысты мәселелерді әзірлеуге қатысуға, тиісті ұсыныстар әзірлеу үшін уақытша жұмысшы топтарын құрады;

- ішкі саясат саласында Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі қызметін жетілдіру жөнінде аудан әкіміне ұсыныстар енгізеді, Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөліміне қатысты мәселелер бойынша ақпараттық талдау және басқа да материалдар әзірлеуді жүзеге асырады;

- Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі қызмет саласына қатысты мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыныстар береді, оның орындалуын қадағалайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін шараларға қатысады;

- аудандық деңгейде ақпараттық саясатты жүргізуге арналған жастар саясаты мен мемлекеттік тапсырысты іске асыру жөніндегі аудандық бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асырады;

- Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін ішкі саясат, азаматтардың құқықтарын сақтау және басқа да мәселелер бойынша Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі лауазымды тұлғаларына ұйымдастырушылық-әдістемелік, ақпараттық және басқа да көмектер көрсетеді;

- Сарыағаш ауданының ішкі саясат бөлімі құзырына кіретін мәселелер бойынша отырыстар өткізеді;
- Қазақстан Республикасының заннамаларына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

